

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ**  
**еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы саясаты**

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес пен тәуелді ұйымдары (бұдан әрі – Компания) өндірістік қызметтің, еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік (бұдан әрі ЕҚ және ӨҚ) саласындағы қауіпті өндірістік факторларды ескерту нәтижелері қатысы бойынша қызметкерлердің өмірі мен денсаулығының басымдығын белгілейді.

Компания жазатайым оқиғалар мен аварияларға байланысты шығындар мен залалға қатысты мүлдем төзбеу қағидатын ұстанады.

**Осы Саясатты іске асыру үшін Компания басшылығы ол орындайтын және мердігерлік ұйымдар олардың орындалуын талап ететін мынадай міндеттемелерді өзіне қабылдайды:**

1. ЕҚ және ӨҚ саласында Қазақстан Республикасы заңнамасының, халықаралық және ұлттық стандарттардың, ішкі құжаттардың талаптарын сақтау.

2. ЕҚ және ӨҚ қатысты көшбасшылықты және жоғары басшылықтың бейімділігін көрсету, әр қызметкер өзінің жеке қауіпсіздігіне және оны қоршаған адамдардың қауіпсіздігіне жауапкершілікті сезінгенде әр қызметкерді қауіпсіздік мәдениетін дамытуға белсенді тарту.

3. Компания ішінде де, сондай-ақ мердігерлік ұйымдар мен мүдделі тараптар арасында да ЕҚ және ӨҚ саласында таңдаулы практика мен тәжірибені көтермелеу, дамыту және тарату.

4. Өндірістік қызметті жүзеге асырудың барлық кезеңдерінде ЕҚ және ӨҚ саласындағы қауіпті өндірістік факторлардың анықталуы мен жойылуын қамтамасыз ету.

5. Қызметкерлердің жарақаттары және денсаулық жай-күйінің нашарлауын болдырмау үшін денсаулыққа арналған қауіпсіз әрі қолайлы еңбек жағдайларын қамтамасыз ету.

6. Компанияны басқарудың барлық деңгейлерінде ЕҚ және ӨҚ саласында қызметкерлердің құзыреттілігін арттыру және оқыту жүргізу.

7. Компанияның барлық қызметкерлері, мердігерлік ұйымдары мен мүдделі тараптары арасында ЕҚ және ӨҚ мәселелері бойынша коммуникацияны қамтамасыз ету және консультация беру.

8. Өз қызметкерлерінің не айналасындағы адамдардың өмірі мен денсаулығына негізделген түрде қауіп төндіретін жағдай туындаған кезде жұмыстарды орындаудан бас тартуға заңды құқық кепілдігін қызметкерлерге ұсыну.

9. Мүдделі тараптарға жазатайым оқиғалар туралы уақтылы хабарлауын және Қазақстан Республикасының заңнамасына және Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес тексеру жүргізілуін қамтамасыз ету.

10. Компанияның өндірістік объектілерінің авариялық және төтенше жағдайлардағы іс-әрекеттерге дайындығын және персоналдың ден қою тиімділігін арттыру.

11. ЕҚ және ӨҚ саласындағы Компания қызметі туралы ақпараттың айқындығын, ашықтығы мен дұрыстығын, оның мазмұндылығы мен жеделдігін қамтамасыз ету.

12. Міндеттер мен жауапкершілікті бөлу, оны қолдау және тиімді жұмыс істеуі үшін өкілеттіктерді ұсыну жолымен ЕҚ және ӨҚ саласында басқару жүйесі мен көрсеткіштерді тұрақты жақсартылуын қамтамасыз ету.

Осы Саясатта берілген Компанияның міндеттемелері ЕҚ және ӨҚ саласындағы мақсаттарды анықтау үшін негіз болып табылады, Компанияға, мердігерлік ұйымдарға, қызметтердің өнім берушілеріне таратылады және серіктестермен Компанияның іскерлік қарым-қатынастар жүйесіне енгізіледі.

Компания басшылығы осы Саясатты іске асыру үшін барлық қажетті ресурстардың ұсынылуына жауапты болады.

Осы саясатты «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарының қолдануы белгіленген тәртіппен ұқсас саясатты әзірлеу және бекіту немесе ұйымдардың ішкі құжаттарын осы Саясатқа сәйкес келтіру жолымен жүзеге асырылады.